

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭМИГРАЦИЯ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ АХУАЛЫ ҚАНДАЙ?

Жумагазиева Махаббат Жасуланқызы<sup>1</sup>

<sup>1</sup>ҚазХҚЖӘТУ-нің магистратура ХҚ 2-курс студенті

Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы,

[han\\_saran@mail.ru](mailto:han_saran@mail.ru)

**Аңдатпа.** Көтеріліп отырған қазіргі Қазақстанның эмиграция мәселесі еліміздің экономикасы, саяси және әлеуметтік жағдайы мен демографиясына тікелей әсері бар, дереу шешімді талап ететін өзекті мәселе.

Тәуелсіздік алғаннан бастап байқалып келе жатқан эмиграция мәселесі, “ақыл-ойдың сытылуы” мәселесі тоқтап, Қазақстанға білімді жастарды жоғарғы оқу орнына тарту, оларды жұмыспен қамту, отандық сапалы мамандардың еркін дамуы мен мемлекет қолдауын байқауы демографиялық жағдайды ғана арттырып қоймай, Қазақстанды дамыған елдермен иық тірестіріп тұратын деңгейге көтеру мүмкіндігі артады, аз уақытта экономикалық, әлеуметтік жағдайы жоғары елдер тобын бастауға, ғылыми-технологиялық ашылулар жасауға серпіліс бермек.

**Тірек сөздер:** жас түлек, зияткерлік миграция, эмиграция, иммиграция, шет ел, білім алу.

Жаһандану ауқымды жүріп жатқан заманда, миграция процесі өз өзектілігін күн сайын арттыруда. Адамзаттың басқа жерлерді зерттеу, мемлекеттің жерін кеңейту, мұхит арқылы жаңа жерлерді ашу сияқты мақсаттағы іс-әрекеттер миграция, эмиграция мен иммиграцияның ауқымын арттырғаны айдан анық. Алайда, таяқтың екі ұшы болады демекші, бұл үрдістің де пайдасымен қатар, туындайтын мәселелері де көп боларын тілге тиек етпеске болмас.

Миграция негізінен халықтың көші-қонын зерттейтін, өз тұрмыс мекенін өзгерту бағытын анықтайтын маңызды демография ғылымының ауқымды бөлігі. Қазір, миграция күнделікті өмірде, әр елде байқалатын үрдіс. Миграцияның тигізер пайдасын көбі білер [1]. Атап айтқанда, шет елде білім алуға мүмкіндік, басқа елдермен тәжірибе алмасу, әлемді шарлау, саяхаттау, жаңа жерлерді көру мен басқа халықтардың салт-дәстүрімен танысу сияқты арттықшылықтарын көріп келе жатырмыз, және бұл арттықшылықтар халықтың дамуына, жан-жақты болуына тікелей әсер етеді. Қазақстан сынаптай сырғыған уақытта көптеген мәселелерді көрген және әлі де көріп келеді. Қазақстанның дүниежүзі картасында Қазақстан Республикасы болып айқын шекаралырын белгілеп, тарих сахнасында жаңа тарауды бастағанына, тәуелсіздігін алғанына 29 жыл болды. Бұл аз уақытта, Қазақстан халқының бастан кешіп жатқан қиындықтары аз емес екені, ащы болса да шындық. Негізгі әлем қауымдастығында сынға алынғаны, Қазақ елінің демографиясы мен эмиграциясы [2]. Өз егемендігі мен бостандығын алған елге енді қандай қауіп төнуі мүмкін? Қаншалықты миграция үрдісі Қазақстанға зиянын тигізуі мүмкін?

Күнделікті күнтәртібінен өз орнын жоғалтпай келе жатқан эмиграция мәселесі, келешекте үлкен зардабын тигезуі әбден мүмкін екендігі айдан анық. Қазірдің өзінде, бірқатар қиындықтар мен тосқауылдар эмиграцияның салдары болып отыр. Қазақстанның республика болып құрылғанынан бастап ең ауыр кезеңі 1991-2000 жж. жылдары болған. Осы кезде, сыртқы сальдо теріс болып, бұрын болмаған көрсеткіштерді көрсетті. Кейін бұл көрсеткіш азайып, тұрақталына бастағанымен, қазір бұл мәселе өз өзектілігін арттырмаса, азайтқан жоқ. Яғни, бұл мәселені үш кезеңге бөліп қарастыруға болады: 1991-2000, 2001-2010, 2011-2020 жж.

Бірінші кезеңде, миграциялық зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, 1991-2000 жж. аралығында Қазақстанның сыртқы көші-қонының айырмашылығы - 1969661 адамды құрады. Қазақстаннан бұрын депортацияланған халықтардың көп бөлігі өз елдеріне қайтса, Қазақстанның қиындықтан өте алатынына сенбегендер шет елге қашты [3, 128-б.]. Жұмыссыздық, инфляция, девальвация, экономикалық кризис, өнеркәсіптердің тоқтауы, осындай қиын кезде Елбасының жеке жобасы - Астананы құру, барлық өндіріс орындары мен компаниялардың банкрот болуы жығылғанға жұдырық болды. Осындай ауыртпашылықтан қорыққандар, елдің болашағына сенбеген адамдар бірден өзге елге көшіп кетті. Бұл халық ішінде қорқынышты, күмәнді арттырды. Екінші кезеңде, сыртқы сальдо тұрақталып, эмиграцияның ауқымы азайды. Қазақстан Республикасының тұңғыш президентінің “Нұрлы көш” бағдарламасымен Монғолия, Қытай, Ресей, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан және тағы басқа елдерден қазақтарды елге көшірді. Бұл шешімнің саяси, әлеуметтік, демографиялық маңызы өте зор болды. Осы кезеңде, елдегі қазақтардың үлесі біршама көтерілді. Елге қайтарылған қазақтарға материалдық көмек көрсетілді, квоталар тағайындалып, оларға құжаттар жасау қарастырылды. Оған қоса, шет елден инвестиция тарту арқылы көптеген тоқтап қалған кәсіпорындар жұмысын жандандырды. 2001-2010жж. аралығында халық саны 1,404 млн. адамға артты [4]. Үшінші кезеңде сыртқы сальдонның теріс болғаны мен халық санының азаюы байқалмайды. Қазіргі таңда Қазақстанда ғана емес, әлемнің көп елдерінде “зияткерлік миграция” мәселесінің ауқымы күн санап артып келеді. Мемлекеттің білімді азаматтары басқа елге көшіп кетуі байқалуда. Елбасының бастауымен құрылған “Болашақ” бағдарламасы осы үрдіске нақты мысал болады. Жоғары сапалы мамандарды оқытып, мемлекетті әр салада дамытуды көздеген, жастарға шет елде сапалы білім алып, тәжірибе алмасып, мемлекетке үлкен көмек көрсету мақсатында құрылған бағдарламамен оқуға кеткен степендианттардың көбісі, нақтылап айтқанда 155 степендиант келісімшартты бұзып, шет елде қалып қойды. Оған қоса, елден тағы басқа дарынды жастар өзге елге қызығушылығын арттырып, оқуға кетті. Көпке топырақ шашпасақ та, елге қайта оралмағандардың саны аз емес.

Қазіргі таңда, Қазақстанның эмиграция мәселесінің ахуалы мәз емес. Сөздің ашығына келетін болсақ, бірінші және екінші кезең өтті, және олардың себебі нақты КСРО-ның құлауы мен Қазақстанның тәуелсіздік алуымен тікелей байланысты. Ал үшінші кезең, еліміздің болашағына тікелей

әсерін тигізетін ауыр жағдай екені жайлы таңдай қақпасқа амал жоқ. Әлемді дүр сілкіндірген Екінші Дүниежүзілік соғыстан бастауын алған, “ақыл-ойдың сытылуы”, “зияткерлэк миграция” мәселесі күннен күнге артуда. Негізінен, ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысатын ғалымдар ең басында өздеріне саяси пана іздеген. Мысалы, Альбер Эйнштейн Германиядан АҚШқа көшіп кетуге мәжбүр болды. Себебі, оның зерттеулері сол уақытта әлемге үлкен қауіп төндіретіні айтпаса да түсінікті болды [5]. Алайда, қазіргі жастардың мақсаты - барлық жағдай жасалған, өмір сүру деңгейі жоғары мемлекетте даму. Осындай жастардың санының артуы анық байқалып келе жатқанына біраз болды. Тіпті іс-шаралар қолданылды. Әрине, демократиялық мемлекет болғандықтан, әр адамның өз ойы, таңдауы бар. Олардың таңдауына ешкім қарсы шыға алмайды. Дегенмен, осындай дәрежеге адам туыла салып жете алмайды. Яғни, мемлекет жастарға білім алуға барлық жағдай жасайды, мектептер, университеттер мен орта білім беру мекемелерін ашу арқылы, жастарға шет елде де білім алуға мүмкіндік береді. Мысалы, “Болашақ” бағдарламасы арқылы 2005 жылдан бері 155 адам келісім шартты бұзып, сол елдерде қалуды жөн көрген. Зияткерлік миграцияның басты себептері ретінде Қазақстандағы жоғары сапада даярланған мамандарды деңгейге сай бағаламауы, жұмысқа тұрудың қиыншылықтары мен мемлекетте етегін кең жайған коррупция, сыбайлас жемқорлық және “Бәке, Сәке” сияқты мәселелердің болуы. Олар ұзақ уақыт алған білімдеріне сай төлемақысы бар жұмыс іздейді. Негізінен, өзге елдер, мысалы, Германия, Венгрия, Чехия сияқты елдер Қазақстан оқушыларына арнайы гранттарды бөліп, Ресей гранттарды олимпиада жеңімпаздарына бөліп өздеріне қызықтыруда. Оған қоса, оларға оқу бітіргеннен кейін жұмысқа орналасуына, сол жерде тұруына барлық жағдай жасайды, сол елде алып қалуға тырысады. Көптеген оқушылар, түлектер шет елге түсіді қалайтыны құпия емес. Олар әр мүмкіндікті құр жібермеуге тырысады [6]. Себебі, Қазақстанда ғылыми-техникалық жобалармен айналысуға, жаңа индустриялды және жаңа технологиялық зерттеулер жасауға мүмкіндіктің аздығы, жақсы жұмыс орнына орналасу қиындық тудыратыны- Қазақстанның қазіргі таңдағы осал жері екені, ащы болса да шындық.

Қазақстандық жастардың көбісі Ресей, Германия, Англия, АҚШ, Қытай, Гонконг, Сингапур сияқты елдерге кетуде. Дамыған елдерге қызығатын жастарды қазір біз еш нәрсемен қызықтыра алмаймыз. Себебі, жас мамандарға сай төлемақы қарастырылмаған және оларды еш жемқорлық пен таныссыз жұмысқа орналастыру өте сирек кездесетін жағдай. Оған қоса, елімізде білім алушы шетелдіктердің саны 20 мыңды құраса, шет елдегі қазақстандықтардың саны 120 мыңға жуық. Бұл елімізде білім беру саласының осалдығы болса, мемлекеттік мекемелерде жалақы, жеке мекемелерден қарағанда 2 есе, кейде одан да көп айырмашылыққа ие болады. Яғни, бүгінгі таңның эмиграция мәселесінің себептері экономикалық, әлеуметтік, ғылым-білім деңгейінің төмен болуы.

Бұл мәселе шешімін таппаса, өз өзектілігін жоғалтпайды. Керісінше, бұл мәселенің салдары тағы өте көп мәселелер мен қиыншылықтарға алып

келу қауіпі туындап отыр. “Мемлекеттің болашағы-жастар” деп, олардың өсіп-өнуі мен дамуына өзіміз көмектеспесек, болашағымыздың барлығы шет елге кетуі әбден мүмкін. Зияткерлік миграция мәселесінің келтірер зияны өте көп. Егер, шет елге оқуға кеткен жастарымыз оралмаса, “Болашақ” бағдарламасымен кеткен степендианттардың кейбірі сияқты өзге елде қалып қоюы, мемлекеттің экономикасына ғана емес, сонымен қатар, болашаққа жоспарлаған бағдарламалар мен стратегиялар, көзделген мақсатқа жетудегі қадамдар орындалмауы әбден мүмкін. Жаңа технологиялар мен сандық ақпарат құралдары қарыштап дамыған заманда, мемлекеттің экономикалық даму көзі - ғылыми-техникалық прогресс. Дамыған елдердің шанын жұтпай, топты бастау үшін жоғары сапада білім алған, дарынды жастардың ғылыми жобалар мен жаңа зерттеулер жүргізуі судай қажет екенін ұғыну маңызды. Еліміздің ертеңі қазіргі жастар [7]. Зияткерлік миграцияны тоқтату мүмкін емес, алайда, оны еліміздің пайдасына қарай бұруға болады. Шет елде оқу пайдалы, себебі тәжірибе алмасудың бірден-бір жолы осы. Егер, біз осы қағиданы ұстанып, қазіргі барлық бағытты ғылым-білімнің дамуына бұрсақ, басқа елдердің қателігіне қарап отырып үйрену бізге ұтымды болары сөзсіз. Мемлекеттің бюджетінен қаржыны пайдасы аз депутаттарға бере бергенше, босқа далаға шашқанша, мемлекеттің болашағына инвестиция жасау өте ұтымды, әрі пайдалы болады. Мысалы, Назарбаев Университетінің салынуы, көптеген дарынды оқушыларды, жастарды Қазақстанда қалтыруға себепші болды. Егер, өзіміздің жастарға үлкен мүмкіндік беріп, сонымен қатар шет елдік студенттерге де білім алуға жағдай жасасақ, жоғары сапада білім беру, жаңа технологияларды қолдану мен жұмысқа тұруды жеңілдетсек, зияткерлік эмиграция зияткерлік иммиграцияға ауысуы- елді дамыған елдер көшін бастауға көмектесуі әбден мүмкін.

Қазіргі миграция мәселесі, мемлекет алдында тұрған үлкен сынақ. Ақыл-ойдың шет елге ағылуы артқандықтан, сыртқы сальдо теріс болуы, халықтың білімді бөлігінің азаюы үлкен мәселеге айналууда. Әр ел үшін адам капиталы - байлық. Яғни, дүниежүзілік аренада дарынды, білімді студенттердің доноры болып отырған, халық саны небәрі 18 миллионды құрайтын Қазақстан үшін адам капиталын жоғалту-үлкен шығын. Егер, қазақстандықтар шет елде білім алып, шет елдегі ірі компанияларда тәжірибе жинақтап, елге қайта оралса, біздің елге жастардың тигізген пайдасы зор болмақ. Алайда, жұмыспен қамтамасыз ету, әр деңгейге сай жалақы тағайындау, адамның дамуына жағдай жасау бағыты Қазақстанда бәсекеге қабілеттілігі төмен болуы, елге кері әсерін тигізуде. Елімізде негізінен гуманитарлық бағыттағы мамандар көп, ал жұмыс орындарының жетіспеушілігі және техникалық бағыттағы жұмыс орындары көп, ал сапалы мамандардың жетіспеушілігі орын алуда. Бұл да зияткерлік миграцияның бір салдары десек қате болмас. Оған қоса, дәл қазір әлемде болып жатқан пандемияның ауқымының артуына бірден-бір себепші- миграция. Мәселен, уақытылы шекараларды жапқан Қазақстанға “COVID-19” -дың келуі екіталай еді. Алайда, осы вирустың тараған уақытында басқа елдерде 95мың қазақстандықтың жүргені анықталды. Қытайдан 480 қазақстандық жедел

түрде елге оралса, мамыр айында алынған деректер бойынша Кореяда - 35 мың, Америка Құрама Штаттарында - 40 мың, Біріккен Араб Әмірліктерінде - 5 100, Германияда - 5 мың, Ұлыбританияда - 3 мың, Италияда - 1 800, Францияда - 1 мың адам болды [8]. ҚАрантин режимі енгізілгеннен кейін елге 35мыңнан астам адам, соның ішінде шет елде оқитын студенттер, кәсіпкерлер, туристтер, еңбек мигранттары мен басқа да себептермен шет елде болған азаматтар қайтып оралған. Қазақстанға келіп қонған ұшақтардың себебінен алғашқы ауру адам анықталды. Ал сол рейспен келген адамдарды табу қиындықтар туғызды. Дәл осы миграцияның себебінен қазіргі Қазақстандағы жағдайға душар болдық.

Сонымен, жаһандану етек жайған заманда шет елге қызығушылардың санының артуы заңдылық. Алайда, зияткерлік миграцияны шешудің маңызы орасан зор. Бәсекеге қабілетті білім ордаларын салу, еліміздегі университеттердің деңгейін көтеріп, жұмыспен қамтуды жеңілдету, мемлекеттегі сыбайлас жемқорлықты тоқтату зияткерлік миграцияны біршама азайта алады. Егер, Германия, Корея, Қытай, Ресей сияқты жастарды, білімді түлектерді өзіне тарту арқылы мемлекеттің экономикасы, даму деңгейі артпақ. Дамыған “Ұлы жетілікпен” терезені теңестіру үшін, қазіргі көші-қон мәселесін шешу басты талап. Елдің ертеңгі дамуы, ертеңгі өмірі мен дүниежүзілік аренадағы орны халықтың интеллектуалды бөлігіне тікелей тәуелді. Білімді адамдардың шет елге көшіп кетпеуі үшін, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға көңіл бөліп, сапалы жас мамандарды қызықтырар, деңгейіне сай жалақы ұсыну, жұмыс орындарын көбейту, оқушылар мен түлектерге әлемдік стандарттарға сай оқу орындары мен білім алуға жеңілдіктерды арттыру, марапаттар мен гранттардың санын арттыру, шет елдік студенттерге олимпиада, жобалар арқылы грант ұсыну және ары қарай жұмысқа орналасуға жағдай жасау. Ең бастысы, ғылыми-техникалық жобалармен айналысатын оқушыларды, студенттерді марапаттап, жобаны іске асыруға материалдық көмек көрсету, ынталандыру қажет. Сол кезде, тәуелсіздік алғаннан бастап байқалып келе жатқан эмиграция мәселесі, “ақыл-ойдың сытылуы” мәселесі тоқтап, Қазақстанға білімді жастарды жоғарғы оқу орнына тарту, оларды жұмыспен қамту, отандық сапалы мамандардың еркін дамуы мен мемлекет қолдауын байқауы демографиялық жағдайды ғана арттырып қоймай, Қазақстанды дамыған елдермен иық тірестіріп тұратын деңгейге көтеру мүмкіндігі артады, аз уақытта экономикалық, әлеуметтік жағдайы жоғары елдер тобын бастауға, ғылыми-технологиялық ашылулар жасауға серпіліс бермек.

#### ӘДЕБИЕТ

[1] Тағыберген А. Елден кеткен дарындылар «сатқын» емес. Кіру режим: <http://politic.bugin.kz/2552-elden-ketken-daryndylar-satqyn-emes>. Қаралған күні 28.02.2021.

[2] Ибраева А. Миграция как угроза экономической безопасности: почему казахстанцы уезжают за границу // Курсив. – 2018. - 29.08.

[3] Абраимов А.Т. Политика репатриации Республики Казахстан: к вопросу о причинах возвращения казахов / Вестник КазНУ им. Аль Фараби. – 2013.- № 2.

[4] Официальный информационный ресурс Премьер-Министра Республики Казахстан. Нұр-Сұлтан қаласы, 2 наурыз 2020 жыл. Кіру режим: <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/kazakhstan-nachal-chetvertyy-etap-usileniya-mer-protiv-koronavirusa-kakie-porucheniya-dal-askar-mamin-na-zasedanii-i-o-chem-govorili-na-brifinge-s-zhurnalistami>. Қаралған күні 28.02.2021.

[5] Шаймарданова З.Д. Трансформация подходов к обеспечению безопасности // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана”, серия “Международные отношения и регионоведение”. - 2018. - № 4. - С.7-13.

[6] Райымбекова А. Халықаралық қақтығыстарды реттеудегі медиаторлық қызмет // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана”, серия “Международные отношения и регионоведение”. 2018. - № 3. - 81-85 бб.

[7] Шаймарданова З.Д. Основные теории изучения миграции // Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана. Серия «Международные отношения и регионоведение». – 2020. – № 2. – С.7-12.

[8] Dauletova G.O., Baissultanova K.Sh. International cooperation of Kazakhstan and China in the field of education in the framework of "One belt - one way" in online mode // Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана. Серия «Международные Отношения и Регионоведение». –2020. – № 4 (42).

## REFERENCES

[1] Tagybergen A. «Elden ketken daryndylar «satqyn» emes». (Talented people who have left the country are not "traitors").“Buginnen basta” 1 nauryz 2019zhyl - <<http://politic.bugin.kz/2552-elden-ketken-daryndylar-satqyn-emes>>

[2] Ibraeva A. «Migraciya kak ugroza ekologicheskoj bezopasnosti: pochemu kazahstancy uezzhayut za granicu». (Migration as a threat to eco-economic security: why Kazakhstanis go abroad). «Kursiv» 29 tamyz 2018 zhyl - <<https://kursiv.kz/news/tendencii-i-issledovaniya/2018-08/migraciya-kak-ugroza-ekonomicheskoy-bezopasnosti-pochemu>>

[3] Abraimov A.T. Politika repatriacii Respubliki Kazahstan: k voprosu o prichinah vozvrashcheniya kazahov. (Repatriation policy of the Republic of Kazakhstan: to the question of the reasons for the return of the Kazakhs). Almaty, 2013 zhyl – <<https://articlekz.com/article/11802>>

[4] Oficial'nyj informacionnyj resurs Prem'er-Ministra Respubliki Kazahstan. (Official information resource Prime Minister of the Republic of Kazakhstan). Nur-Sultan qalasy, 2 nauryz 2020 zhyl-<<https://primeminister.kz/ru/news/reviews/kazakhstan-nachal-chetvertyy-etap-usileniya-mer-protiv-koronavirusa-kakie-porucheniya-dal-askar-mamin-na-zasedanii-i-o-chem-govorili-na-brifinge-s-zhurnalistami>>

[5] Shaimardanova Z.D. Transformatsiya podkhodov k obespecheniyu bezopasnosti (Transforming security approaches). // Izvestiya KazUMOiMYa imeni Ablai khana”, seriya “Mezhdunarodnyye otnosheniya i regionovedeniye”. - 2018. - № 4.- S.7-13.

[6] Raiymbekova A. Halykaralyk kaztygystardy retteudegi mediatorlyk kazmet. (Mediation activities in the settlement of international conflicts). Izvestiya Kazumoimya imeni Abylai Khan”, series "International relations and Regional studies". 2018. - No. 3. - 81-85 bb

[7] Shaimardanova Z. D. Transformation of approaches to ensuring security. Izvestiya Kazumoimya imeni Abylai khan", series "International relations and Regional studies". - 2018. - No. 4. - p. 7-13.

[8] Dauletova G.O., Baissultanova K.Sh. International cooperation of Kazakhstan and China in the field of education in the framework of "One belt - one way" in online mode // Izvestiya KazUMOiMYa im. Ablai khana. Seriya «Mezhdunarodnyye Otnosheniya i Regionovedeniye». –2020. – № 4 (42).

## КАКОВА ТЕКУЩАЯ СИТУАЦИЯ В ЭМИГРАЦИИ КАЗАХСТАНА?

Жумагазиева Махаббат Жасулановна<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Магистрант 2 курса КазУМОиМЯ имени Абылайхана,  
Алматы, Республика Казахстан  
[han\\_saran@mail.ru](mailto:han_saran@mail.ru)

**Аннотация:** Экономика страны в случае миграции имеет прямое влияние на состояние политической и социально-демографической ситуации, что вызывает немедленную аутоадаптацию решения вопроса в целях избежания негативных факторов на внутреннее положение страны.

Начиная с обретения независимости, проблема миграции, “умственной отсталости”, привлечение в Казахстан образованной молодежи в высшие учебные заведения, их занятость, свободное развитие и поддержка государства отечественных специалистов, т.е, квалифицированных кадров, должна повысить не только демографическую ситуацию, но и поднимут Казахстан на тот уровень, который фиксируется в развитых странах, позволит в кратчайшие сроки начать процесс вхождения группы экономически и социально уязвимых стран в другие, продвинутое группы стран посредством научно-технологических открытий,

**Ключевые слова:** молодой выпускник, интеллектуальная миграция, эмиграция, иммиграция, зарубежье, образование

## WHAT IS THE CURRENT STATE OF KAZAKHSTAN'S EMIGRATION PROBLEM?

Zhumagazieva Makhabbat Zhasulanovna<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>2nd year master's degree student of Ablai khan KazIRandWL  
Almaty city, Republic of Kazakhstan,  
[han\\_saran@mail.ru](mailto:han_saran@mail.ru)

**Abstract:** The economy of the country in this case, in emigration, and has a direct impact on the state of political and social demographicsyn, is an urgent issue that needs to be addressed.

“The problem of emigration, which has been observed since independence, the problem of” "mental exhaustion", the attraction of educated young people to universities, their employment, the competition of free development and state support of domestic specialists will not only increase the demographic situation, but also increase the chances of raising Kazakhstan to the level of solidarity with the developed countries, in a short time will give an impetus to the beginning of a group of countries with high economic and social status, scientific and technological discoveries.

**Keywords:** young graduate, intellectual migration, emigration, immigration, abroad, education

*Статья поступила 18.03.2021*